

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесі отырысының
2025 жылдың 01 тамызындағы № 15
хаттамасының 3-қосымшасы

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2025 жылдың 01 тамызындағы № 15
отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2025 жылдың 01 тамызынан бастап
қолданысқа енгізілді

Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі
жанындағы комитеттердің және
Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын
бағалау
ӘДІСТЕМЕСІ

Осы Әдістеме Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына, "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) жарғысына, Клиринг орталығының Корпоративтік басқару кодексіне, Клиринг орталығының басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және мыналарды: (1) G20/ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттарын (2016)¹; (2) Мемлекет қатысатын компаниялар үшін корпоративтік басқару жөніндегі ЭЫДҰ қағидаттарын (2015)²; (3) Мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттарын³; (4) Thomas Murray ұсыныстарын⁴ қоса алғанда, корпоративтік басқару практикасының халықаралық және қазақстандық стандарттарында қамтылған Директорлар кеңесінің жұмыс практикасына қатысты ұсынымдарға негізделген.

1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1-бап. Жалпы қағидалар

1. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 53 бабының 1-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Клиринг орталығының Жарғысымен Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Клиринг орталығының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын алқалы басқару органы болып табылады.
2. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы анықтайды.
3. Директорлар кеңесінің құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Клиринг орталығының Жарғысымен және Клиринг орталығының басқа да ішкі құжаттарымен анықталады.
4. Директорлар кеңесінің дербес құрамы Клиринг орталығының интернет-ресурсында (www.kacc.kase.kz) жарияланады.
5. Осы Әдістеме Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысына бағалау жүргізу процесін реттейтін негізгі құжат болып табылады.

2-бап. Директорлар кеңесін бағалаудың негізгі мақсаттары

1. Бағалаудың негізгі мақсаттары:
 - 1) Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер және Директорлар кеңесі мүшелері жұмысының тиімділік дәрежесін анықтау, олардың жұмысының тиімділігін арттыру және Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақының барабар жүйесін белгілеу;
 - 2) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамын оның мүшелерінің кәсіби тәжірибесінің, білімдерінің, дағдылары мен жеке қасиеттерінің оңтайлы теңгерімі негізінде қалыптастыру;

¹ OECD (2016), G20/ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттары, OECD Publishing, Paris. <http://dx.doi.org/10.1787/9789264252035-ru>.

² OECD (2015), OECD Guidelines on Corporate Governance of State-Owned Enterprises, 2015 Edition, OECD Publishing, Paris. <http://dx.doi.org/10.1787/9789264244160-en>.

³ OECD (2024), Мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару жөніндегі ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары 2024, OECD Publishing.

⁴ "Қазақстан қор биржасы" АҚ мен "KASE клиринг орталығы" АҚ Thomas Murray ұсынымдарын енгізу жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары.

- 3) Клиринг орталығының Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттері және Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысының Клиринг орталығын дамыту қажеттіліктеріне және Директорлар кеңесі мүшелерінің Клиринг орталығының стратегиясын іске асыруға қатысу дәрежесіне және оның негізгі мақсаттарына сәйкестігін анықтау;
 - 4) Клиринг орталығының корпоративтік басқару сапасын арттыру;
 - 5) Директорлар кеңесі жұмысының тиімді технологияларын енгізу болып табылады.
2. Бағалау Директорлар кеңесіне:
- 1) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелері қызметінің күшті және әлсіз жақтарына (артықшылықтары мен кемшіліктеріне) талдау жүргізуге және анықтауға;
 - 2) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысына түзетулер енгізуге және қызметінің нысаналы бағыттарын түзетуге;
 - 3) Клиринг орталығының стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін шешу үшін Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамының тиімділігін анықтауға;
 - 4) Директорлар кеңесі мүшелерін оқытуға және олардың құзыреттерін кеңейтуге қажеттілікті анықтауға;
 - 5) Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

2-тарау. БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ

3-бап.

Бағалау түрлері, объектілері мен компоненттері

1. Директорлар кеңесі бағалаудың мынадай түрлерін жүзеге асыра алады:
 - 1) жыл сайын өзін-өзі бағалау нысанында;
 - 2) тәуелсіз сыртқы ұйым (консультант).
2. Екі жағдайда да бағалау жасырын түрде жүргізіледі, ал Директорлар кеңесінің мүшелері олардың жауаптары Директорлар кеңесінің нақты мүшесін түсіндірме немесе ұсыным көзі ретінде көрсетпей, жалпыланған иесіз нысанда ұсынылатыны туралы хабардар етіледі.
3. Бағалау объектілері:
 - 1) Директорлар кеңесінің жалпы жұмысы;
 - 2) Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысы;
 - 3) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысы (жеке бағалау);
 - 4) Директорлар кеңесі төрағасының жұмысы болып табылады.
4. Бағалауды жүргізу түріне (өзін-өзі бағалау/сыртқы бағалау) және оның объектілеріне қарай Директорлар кеңесі бағалау құралдарын анықтайды, оларға:
 - 1) Директорлар кеңесі мүшелерінің сауалнамалық пікіртерім;
 - 2) Клиринг орталығының Жарғысын және ішкі құжаттарын талдау;

- 3) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің материалдарын талдау (отырыстардың хаттамалары, жұмыс жоспары және Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысындағы басқа да құжаттар);
- 4) Директорлар кеңесінің мүшелерімен сұхбат жүргізу жатады.
5. Директорлар кеңесінің жұмысын бағалаудың түйінді құрамдас бөліктері:
 - 1) функционалдық (Директорлар кеңесінің өзіне жүктелген функцияларды орындау сапасы);
 - 2) құрылымдық (Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы, Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің рөлі, Төрағаның рөлі);
 - 3) процедуралық (Директорлар кеңесінің жұмысын жоспарлау, отырыстар өткізу практикасы, Директорлар кеңесін ақпараттық қамтамасыз ету);
 - 4) инфрақұрылымдық (Директорлар кеңесі мүшелерін сыйақы, мүдделер қақтығысын реттеу, жауапкершілікті сақтандыру).
6. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысын бағалау кезінде әрбір комитеттің өзіне жүктелген арнайы міндеттерді орындау жөніндегі жұмыс сапасына, комитеттердің жұмысын ұйымдастырушылық, ресурстық және ақпараттық қамтамасыз ету сапасына, олардың құрамына және жұмысының ішкі серпініне назар аударылатын болады.

4-бап.

Бағалау критерийлері

1. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бағалау критерийлері:
 - 1) Директорлар кеңесінің компанияны басқаруда негізгі функцияларды орындауы (стратегияны қалыптастыру және іске асырылуын бақылау, ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылуын және жұмыс тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету, жоғары менеджмент жұмысын бағалау, оны уәждеудің тиімді жүйесін енгізу, активтердің сақталуын қамтамасыз ету);
 - 2) Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы;
 - 3) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, Директорлар кеңесін ақпараттық қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Клиринг орталығының Басқармасымен өзара іс-қимылы;
 - 4) Директорлар кеңесінің жұмысын инфрақұрылымдық қамтамасыз ету, оның ішінде Директорлар кеңесі мүшелерін уәждеу жүйесі, Директорлар кеңесі мүшелерінің мүдделері қақтығысын реттеу;
 - 5) Директорлар кеңесі төрағасының жұмысы;
 - 6) Директорлар кеңесінің Директорлар кеңесі жанындағы комитеттермен өзара іс-қимылы;
 - 7) Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамы мен жұмыс тәжірибесі;
 - 8) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жеке жұмысы, оның ішінде Директорлар кеңесінің жұмысына кәсіби үлесі, отырыстарға дайындығының сапасы, Директорлар кеңесінің мәселелерін талқылаудағы белсенділігі;
 - 9) Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру саясаты болып табылады.

2. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бағалау критерийлерінің нақты тізбесін Директорлар кеңесі бағалау сәтінде анықталған тәсілге сәйкес, сондай-ақ қалыптасқан жұмыс тәжірибесін, Клиринг орталығының қажеттіліктерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып анықтайды.
3. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын өзін-өзі бағалау кезінде қолданылатын жекелеген критерийлердің тізбесі осы Әдістеменің 1-қосымшасында келтірілген.
4. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін бағалау нысанын толтыру кезінде әрбір критерийді бес балдық шәкіл бойынша бағалау ұсынылады, рейтингтік бағалардың мәндері осы Әдістеменің 2-қосымшасында келтірілген.
5. Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды жүргізу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес қызметті бағалау нысанын толтырады, ал Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысын бағалауды жүргізу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі осы Әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес бағалау нысанын толтырады.
6. Жеке қызметті бағалау кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі осы Әдістеменің 5 және 6-қосымшаларына сәйкес нысандарды Директорлар кеңесінің төрағасын қоса алғанда, Директорлар кеңесінің барлық мүшесіне толтырады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің жеке қызметіне және Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізеді.
7. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметіне жеке бағалау жүргізу кезінде мынадай факторларға назар аударылады:
 - 1) құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі кіретін Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің жауапкершілік аясына кіретін мәселелердегі құзыреттілігі;
 - 2) Клиринг орталығы мен бағалы қағаздар нарығы қызметінің сипаттамалары мен ерекшеліктерін білу;
 - 3) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысу;
 - 4) Директорлар кеңесі комитетінің отырыстарында талқылауға қатысу дәрежесі;
 - 5) Директорлар кеңесінің отырыстарындағы белсенділік және шешімдер қабылдау процесіндегі дауыс беру сипаты, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына шығарылатын материалдарды қарау мерзімдерінің сақталуы (материалдарды қарау және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қол қою);
 - 6) шешімдерді іздеуге бағытталуы.

3-тарау. БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

5-бап. Өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы шешім

1. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қызметін өзін-өзі бағалау тәуелсіз сыртқы

ұйым (консультант) бағалауды жүргізетін жылды қоспағанда, жыл сайынғы негізде жүргізіледі.

2. Бағалау жүргізу қажеттігі туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Көрсетілген шешімде бағалау жүргізу мерзімдері, түрі, бағалау объектісі, талап етілетін ресурстар және Директорлар кеңесінің қарауына қажетті басқа да қағидалар анықталады.
3. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізуге Клиринг орталығы Басқармасының мүшелері атынан атқарушы орган тартылады, бұл ретте оларға оның жекелеген мүшелерінің емес, тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің қызметін бағалау үшін сауалнамалар беріледі (осы Әдістеменің 3-қосымшасы).

6-бап. Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесі мүшелеріне бағалау жүргізу процесі

1. Бағалау жүргізу процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) материалдарды дайындау және ақпарат жинау:

- Директорлар кеңесінің шешімі негізінде корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сауалнама жүргізу үшін осы Әдістеменің қосымшаларында ұсынылған барлық қажетті сауалнаманы қажетті мөлшерде (қажет болған жағдайда), сондай-ақ сауалнамаларды толтыруға дайындау үшін жиынтық статистикалық ақпаратты (бағаланатын кезеңде өткізілген Директорлар кеңесі/комитеттер отырыстарының саны, Директорлар кеңесі/комитеттер мүшелерінің отырыстарға қатысуы, Директорлар кеңесі қараған және қабылдаған Клиринг орталығының ішкі құжаттарының саны, қаралған мәселелер мен Директорлар кеңесінің комитеттері қабылдаған ұсынымдардың саны) дайындайды;
- корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін (қажет болған кезде) бағалау жүргізілетіні, оны жүргізу мерзімдері туралы хабардар етеді, Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген мерзімде Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне (қажет болған кезде) толтыру үшін тиісті сауалнамаларды және сауалнамаларды толтыруға дайындау үшін жиынтық ақпаратты жібереді (поштамен, курьермен, электрондық поштамен не жеке өзі тапсырады);
- сауалнамалар жасырын толтырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелері (қажет болған жағдайда) ұсынылған мәселелердің әрқайсысы бойынша өз пікірін білдіруге құқылы және қажет болған жағдайда түсініктемелер мен ұсынымдар бере алады. Содан кейін олар толтырылған сауалнамаларды корпоративтік хатшыға жібереді;

2) сауалнама нәтижелерін өңдеу және қорыту:

- сауалнама нәтижелерін өңдеуді корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің төрағасымен бірлесіп барлық критерий бойынша орташа мәндерді есептеу және алынған барлық түсініктеме мен ұсынымды талдау арқылы, бұл пікірлердің барлық спектрін көрсететіндей, бірақ осы түсініктемелер мен ұсынымдардың авторларын көрсетпей жүзеге асырады.
2. Сауалнама нәтижелерін өңдеу аяқталғаннан кейін Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет:

- 1) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысындағы күшті жақтарды;
 - 2) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысындағы проблемалық тұстарды;
 - 3) жетілдіруді және дамытуды талап ететін негізгі бағыттарды бөліп көрсетеді.
3. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет сауалнама нәтижелерін және жинақталған қорытындыларды (осы Әдістеменің 7-қосымшасына сәйкес есеп нысаны бойынша) көрсете отырып, Өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есеп дайындайды және Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар енгізеді.
 4. Қарау қорытындылары бойынша барлық материал зерделеу және оларды Директорлар кеңесінің отырысында одан әрі қарау тәртібі мен мерзімдері туралы шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің төрағасына беріледі. Директорлар кеңесінің төрағасына жеке Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке бағалау нәтижелері (бар болса) беріледі және Директорлар кеңесінің төрағасы оларды Директорлар кеңесінің отырысында талқылау мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.
 5. Бағалау нәтижелерін талқылау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетке Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсыруы мүмкін, ол Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады және кейіннен Директорлар кеңесінің бір жылға арналған жұмыс жоспарына енгізіледі.
 6. Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде Директорлар кеңесінің мүшелерімен бағалау жүргізу процесінде назар аударған мәселелер бойынша кеңесу жүргізіледі, оның ішінде:
 - 1) Директорлар кеңесіне назар аудару қажет бірнеше басты міндеттерді/бағыттарды бөліп көрсету;
 - 2) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмыс жоспарлары мен әдістеріне түзетулер енгізу;
 - 3) Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытудың тиімді жүйесін құру;
 - 4) Директорлар кеңесінің құрамына, Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты, Директорлар кеңесінің құрылымын (Директорлар кеңесінің комитеттері, Клиринг орталығының тәуелсіз директорларының арақатынасы және т.б.) қалыптастыру кезінде, Клиринг орталығының ішкі құжаттарының ережелерін ескере отырып, Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшеріне қатысты Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынымдар дайындау кезінде бағалау нәтижелерін ескеру қажет.
 7. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің барлық құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлау, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарау үшін негіз бола алады.

7-бап.

Тәуелсіз сыртқы консультанттың бағалауды жүргізуі

1. Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізу үшін Клиринг орталығы сыртқы консультантты тартуға құқылы.

2. Консультант Директорлар кеңесімен алдын ала келісілетін өзінің әдістемесін пайдалана отырып, Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қызметін бағалауды жүргізе алады. Консультант пайдаланатын құралдар:
 - 1) Директорлар кеңесінің мүшелерімен және Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің мүшелерімен сауалнама жүргізуді және жеке сұхбаттар жүргізуді;
 - 2) Клиринг орталығының ішкі құжаттарын және Директорлар кеңесі жанындағы Директорлар кеңесі мен комитеттердің қызметі туралы материалдарды талдауды қамтиды.
3. Сыртқы консультант жұмыс қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау туралы есепті дайындайды, ол бағалау туралы мынадай мәліметтерді қамтуы мүмкін:
 - 1) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамы мен құрылымының оңтайлылығы;
 - 2) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қажетті құзыреттерінің теңгерімі;
 - 3) Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздік критерийлеріне сәйкестігі;
 - 4) Директорлар кеңесі жанындағы Директорлар кеңесі мен комитеттер мүшелерінің жеке жұмысы (олардың міндеттерін орындаудағы тәжірибесі, белсенділігі және адалдығы);
 - 5) Директорлар кеңесі Төрағасының және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер төрағаларының жұмысы мен рөлі;
 - 6) Директорлар кеңесінің өзіне жүктелген түйінді функцияларды орындау сапасы: стратегиялық даму, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит, атқарушы органдардың қызметін уәждеу және бағалау, акционерлердің құқықтарын іске асыру мен қорғауды қамтамасыз ету;
 - 7) Директорлар кеңесінің түйінді функцияларын жүзеге асырудағы Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің рөлі, олардың жұмысқа қосқан үлесі, жұмысты ұйымдастыру тәртібі;
 - 8) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысында түйінді проблемалар мен әлсіз жақтардың болуы/болмауы туралы;
 - 9) жұмысты ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етудің, жұмысты жоспарлаудың, Директорлар кеңесі жанындағы Директорлар кеңесі мен комитеттердің күндізгі және сырттай отырыстарын өткізу практикасының артықшылықтары/кемшіліктері туралы;
 - 10) Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қызметі процесінде туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу деңгейінің артықшылықтары/кемшіліктері және ерекшеліктері туралы;
 - 11) Директорлар кеңесінің ішкі құжаттарын, жұмыс материалдарын, Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің жұмыс материалдарын және Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің жұмысына байланысты өзге де құжаттарды талдау нәтижелері туралы.

8-бап. Бағалау туралы ақпаратты ашу

1. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы ақпарат Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Клиринг орталығының акционерлеріне қарау үшін ұсынылатын Клиринг орталығының жылдық есебінің құрылымына кіретін Директорлар кеңесінің атқарған жұмысы туралы есепке енгізілуі мүмкін.
2. Бағалау туралы ашылатын ақпарат:
 - 1) бағалау жүргізу туралы;
 - 2) бағалау әдісі мен процедурасы туралы;
 - 3) бағалау қорытындылары туралы;
 - 4) қабылданған шаралар туралы мәліметтерді қамтиды.
3. Бағалаудың әрбір түрі бойынша нақты нәтижелер туралы ақпарат құпия және жария етуге жатпайтын ретінде саралануы мүмкін. Бағалау нәтижелері туралы есеп, сондай-ақ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырған нысандар құпия ақпарат ретінде жіктеледі және Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес осындай құжаттардың сақталуына сәйкес келетін тәртіптемеде сақталады.

9-бап. Тұжырымды қағидалар

1. Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысына бағалау жүргізуге арналған критерийлерді Директорлар кеңесінің қызметін регламенттейтін корпоративтік құжаттардағы өзгерістерді көрсету мақсатында Директорлар кеңесі үш жылда бір рет, қажет болған жағдайда жыл сайын қайта қарайды.
2. Осы Әдістемені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде бағалау критерийлерін өзгерту Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.
3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, Клиринг орталығының жарғысын немесе Корпоративтік басқару кодексін өзгерту нәтижесінде осы Әдістеменің жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, осы нормалар күшін жояды және осы Әдістемеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін Клиринг орталығының жұмыскерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін, жарғыны және Корпоративтік басқару кодексін және Клиринг орталығының басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Басқарма Төрағасы

Н. Хорошевская

Директорлар кеңесінің,
Директорлар кеңесі
жанындағы комитеттердің
және Директорлар кеңесі
мүшелерінің жұмысын
бағалау әдістемесінің

1-қосымшасы

Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын өзін-өзі бағалау кезінде қолдануға

КРИТЕРИЙЛЕР ТІЗБЕСІ

1. Директорлар кеңесінің компанияны басқарудағы негізгі функцияларды орындауы	
1.1. Стратегияны қалыптастыру және іске асырылуын бақылау	
1.1.1.	Есепті кезеңде стратегияны іске асыруға байланысты мәселелерді қарау және қажет болған жағдайда стратегияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу
1.1.2.	ПӨК жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізудің есепті кезеңінде қарау
1.1.3.	Есепті кезеңде стратегияны іске асыру шеңберінде жылдық бюджетті, негізгі жұмыстар жоспарын және өзге де құжаттарды бекіту
1.2. Ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқару жүйесін құруды және олардың тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету	
1.2.1.	Есепті кезеңде ішкі аудитордың өзі анықтаған кемшіліктер тізбесін қамтитын тексеру нәтижелері бойынша есептерін және оларды түзету жөніндегі ұсынымдарды қарау
1.2.2.	Клиринг орталығы Басқармасының ішкі аудитордың есептерінде белгіленген ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктерді түзету туралы есептерін қарау
1.2.3.	Есепті кезеңде негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар, олардың жоспарлы мәндерімен салыстырғанда бақылау кезеңінің қорытындылары бойынша нақты мәндері, осы тәуекелдер тізбесіне өзгерістер енгізудің орындылығы туралы ақпаратты қамтитын тәуекелдерді басқару туралы есепті қарау
1.2.4.	Директорлар кеңесінде Клиринг орталығы қызметінің түйінді тәуекелдерінің жоспарлы және ағымдағы мәндері, олардың ішкі бақылау қағидаттарымен өзара байланысы, оларды Клиринг орталығының Басқармасы тарапынан басқару тәсілдері және неғұрлым маңызды тәуекелдер іске асырылған жағдайда Басқарма іс-қимылының дәйектілігі туралы нақты түсініктің болуы
1.2.5.	Сыртқы аудитормен өзара іс-қимылға және оның жұмыс сапасын бағалауға қатысты мәселелерді қарау
1.3. Клиринг орталығы Басқармасының жұмысын бағалау, оны уәждеудің тиімді жүйесін енгізу	
1.3.1.	Директорлар кеңесіне есеп беретін Клиринг орталығының Басқарма мүшелері мен өзге де жұмыскерлерінің жұмыс нәтижелеріне жыл сайынғы бағалау жүргізу
1.3.2.	Директорлар кеңесіне есеп беретін Басқарма мүшелерінің және өзге де жұмыскерлердің жұмысын бағалаудың оларды сыйлықақы беру үшін пайдаланылатын бекітілген критерийлері олардың жұмысының Клиринг орталығы қызметінің ағымдағы, орта мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелерімен ең жақсы дәрежеде өзара байланысын қамтамасыз етеді

1.3.3.	Клиринг орталығы Басқармасының бекітілген уәждеу жүйесі оны стратегиялық міндеттерді шешуге және Клиринг орталығының түйінді жобаларын тиімді іске асыруға ең жақсы дәрежеде бағыттайды
1.3.4.	Мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын мониторингтеу мен болдырмаудың тиімді жүйесінің болуын қамтамасыз ету
1.3.5.	Есепті кезеңде кадр резервін қалыптастыру тәжірибесі туралы мәселені, әсіресе, негізгі лауазымдарға орналасуға қарау
2. Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы	
2.1.	Директорлар кеңесі мүшелерінің саны бойынша құрамның оңтайлылығы
2.2.	Директорлар кеңесінің Клиринг орталығы акционерлерінің белгілі бір топтары өкілдерінің және оның тәуелсіз мүшелерінің мүдделерінің арақатынасы (тепе-теңдігі) тұрғысынан теңгерімділігі
2.3.	Директорлар кеңесінің оның мүшелерінің білімі, тәжірибесі және құзыреті бойынша теңгерімділігі
2.4.	Тәуелсіз директорлардың рөлі
3. Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру	
3.1. Ұйымдық, құқықтық және ақпараттық қамтамасыз ету	
3.1.1.	Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын ақпараттық қамтамасыз ету
3.1.2.	Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдық қамтамасыз ету
3.1.3.	Директорлар кеңесінің төрағасымен өзара іс-қимыл
3.1.4.	Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі жанындағы комитеттермен, Клиринг орталығының Басқармасымен және Директорлар кеңесіне бағынысты жұмыскерлермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету
3.1.5.	Директорлар кеңесінің тапсырмалары мен ұсынымдарының орындалуы туралы есептің болуы
3.1.6.	Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстарға ұсынылатын материалдардың сапасы (толықтығы, құрылымдылығы және көрнекілігі)
3.1.7.	Отырыстарға тиісті дайындық үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне материалдарды ұсыну мерзімдерінің сақталуы және жеткіліктілігі
3.1.8.	Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу регламенті (баяндамаларға және оларды талқылауға бөлінген уақыттың арақатынасы)
3.1.9.	Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына жан-жақты қатысуы үшін жағдайлар жасау
3.2. Инфрақұрылымдық қамтамасыз ету	
3.2.1.	Директорлар кеңесі мүшелерінің мүдделері қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу үшін тиімді құралдардың болуы
3.2.2.	Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу практикасының болуы
3.2.3.	Директорлар кеңесінде сыртқы консультанттарды тарту мүмкіндігінің болуы (қажет болған жағдайда)
3.2.4.	Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру мүмкіндігінің болуы
3.2.5.	Директорлар кеңесі мүшелерінің Клиринг орталығы қызметінің ауқымына, Директорлар кеңесі мүшелері орындайтын функциялардың көлеміне және олар қабылдайтын тәуекелдер деңгейіне барабар уәждеу (сыйақы) жүйесінің болуы

4. Директорлар кеңесінің Төрағасы	
4.1.	Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді ұйымдастыруды, Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді қамтамасыз ету
4.2.	Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма мүшелері арасындағы кәсіби қатынастар мен тиімді коммуникацияларды қамтамасыз ету
4.3.	Директорлар кеңесінің отырыстарында сындарлы, ашық және сенімді ахуалды қамтамасыз ету
4.4.	Директорлар кеңесі мүшелерінің пікірталас және даулы мәселелерді талқылауын қамтамасыз ету және көтермелеу
5. Аудит жөніндегі комитет	
5.1. Аудит жөніндегі комитеттің құрамы және жұмысын ұйымдастыру	
5.1.1.	Аудит жөніндегі комитет құрамының сандық және сапалық теңгерімділігі (құзыреті)
5.1.2.	Аудит жөніндегі комитет құрамында бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті дайындау, талдау, бағалау және аудит саласында білімі және тәжірибесі бар мүшелердің болуы
5.1.3.	Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарын өткізудің тұрақтылығы
5.2. Аудит жөніндегі комитеттің негізгі функцияларды орындауы	
5.2.1.	Бухгалтерлік (қаржылық) есептілік саласындағы функцияларды орындау: – қаржылық есептіліктің толықтығын, дәлдігін және дұрыстығын қамтамасыз етуді жүйелі бақылау, Клиринг орталығының есеп саясатының елеулі аспектілерін талдау; – аралық және жылдық қаржылық есептілікті қарау, оны алдын ала бекіту бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар әзірлеу
5.2.2.	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы функцияларды орындау: – ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізу; – тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы саясаттың орындалуын талдау және бағалау
5.2.3.	Ішкі аудит саласындағы функцияларды орындау: – ішкі аудит саласындағы саясатты (ішкі аудит туралы ережелерді) қарау; – ішкі аудит бөлімшесінің қызмет жоспарын және оның орындалу барысы туралы ақпаратты қарау; – ішкі аудит бөлімшесінің басшысын тағайындау (қызметтен босату) және оның сыйақы мөлшері туралы мәселелерді қарау; – ішкі аудит функцияларын тиімді жүзеге асыруға теріс әсер етуге қабілетті ішкі аудит функцияларын іске асыруға арналған өкілеттіктердің немесе бюджеттің қолданыстағы шектеулерін қарау; – ішкі аудит функциясын жүзеге асыру тиімділігін бағалау
5.2.4.	Сыртқы аудит саласындағы функцияларды орындау: – Клиринг орталығының сыртқы аудиторларының тәуелсіздігін, объективтілігін және мүдделері қақтығысының болмауын бағалау, олардың қызметтеріне ақы төлеу және оларды тарту шарттары жөніндегі ұсынымдар;

	– аудиторлық тексеруді және аудиторлардың қорытындыларын орындау сапасын бағалау; – сыртқы аудитормен аудит нәтижелерін талқылау
5.3. Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің өзара іс-қимылы	
5.3.1.	Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне есепті кезеңде ұсынатын ұсынымдардың уақытылығы мен сапасы (пысықталуы және құрылымдылығы)
5.3.2.	Директорлар кеңесінің алдын ала қаралуы Аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша көрсетілген Комитеттің ұсынымдарына сәйкес шешімдер қабылдауы
6.	Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет
6.1.	Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру
6.1.1	Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет құрамының сандық және сапалық теңгерімділігі (құзыреті)
6.1.2.	Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстарын өткізудің тұрақтылығы
6.2.	Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің негізгі функцияларды орындауы
6.2.1.	Сыйақы саясаты бөлігіндегі функциялар: – Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Клиринг орталығының Басқарма мүшелеріне және Директорлар кеңесіне есеп беретін өзге де жұмыскерлерге сыйақы беру жөніндегі Клиринг орталығының саясатын әзірлеу және мерзімді қайта қарау, оның ішінде Клиринг орталығының Басқарма мүшелерін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді уәждеу бағдарламаларының параметрлерін әзірлеу; – Клиринг орталығының сыйақы жөніндегі саясатының енгізілуі мен іске асырылуын қадағалау; – Клиринг орталығы Басқармасының мүшелерінің және өзге де негізгі басшы жұмыскерлердің сыйақы саясатына енгізілген критерийлер тұрғысынан жыл қорытындылары бойынша жұмысын алдын ала бағалау, сондай-ақ көрсетілген тұлғалардың қойылған мақсаттарға қол жеткізуін алдын ала бағалау; – Клиринг орталығының барлық материалдық міндеттемесін және оларды ұсыну шарттарын қоса алғанда, Клиринг орталығы Басқармасының мүшелерімен еңбек шарттарын мерзімінен бұрын бұзу шарттарын әзірлеу; – сыйақы мөлшерін және корпоративтік хатшыға сыйлықақы беру қағидаттарын анықтау бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша корпоративтік хатшының жұмысын алдын ала бағалау және корпоративтік хатшыға сыйлықақы беру туралы ұсыныстар әзірлеу
6.2.2.	Кадр саясаты бөлігіндегі функциялар: – Комитетке қолжетімді барлық ақпарат негізінде Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне ұсынылған барлық кандидаттың кәсіби біліктілігі мен тәуелсіздігін талдау; Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне кандидаттарды сайлау мәселесі бойынша дауыс беруге қатысты ұсынымдарды қалыптастыру және акционерлерге жеткізу; – Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің өзін-өзі бағалаудың немесе сыртқы бағалаудың егжей-тегжейлі рәсімдерін жыл сайын жүргізу, Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі жанындағы

	комитеттердің жұмыс процедураларын жетілдіруге қатысты Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу, Клиринг орталығының жылдық есебіне енгізу үшін өзін-өзі бағалау немесе сыртқы бағалау қорытындылары туралы есеп дайындау; – Директорлар кеңесінің жұмысын бағалауды жүргізу үшін өзін-өзі бағалау әдіснамасын және тәуелсіз консультантты таңдау жөніндегі ұсыныстарды анықтау; – Клиринг орталығының Басқарма мүшелері лауазымына кандидаттарға және Директорлар кеңесіне есеп беретін өзге де жұмыскерлерге қатысты Директорлар кеңесіне ұсынымдар қалыптастыру; – Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің тәуелсіздік критерийлеріне сәйкестігін тұрақты талдау және директор тәуелсіз болуын тоқтатқан мән-жайларды анықтау туралы ақпаратты дереу ашуды қамтамасыз ету
6.3. Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің өзара іс-қимылы	
6.3.1.	Есепті кезеңде Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне ұсынатын ұсынымдардың уақытылығы мен сапасы (пысықталуы және құрылымдылығы)
6.3.2.	Директорлар кеңесінің алдын ала қаралуы көрсетілген Комитеттің ұсынымдарына сәйкес Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы

7. Стратегия жөніндегі комитет	
7.1. Стратегия жөніндегі комитеттің құрамы және жұмысын ұйымдастыру	
7.1.1.	Стратегия жөніндегі комитет құрамының сандық және сапалық (құзыретінің) теңгерімділігі
7.1.3.	Стратегия жөніндегі комитеттің отырыстарын өткізудің тұрақтылығы
7.2. Стратегия жөніндегі комитеттің негізгі функцияларды орындауы:	
7.2.1.	Инновациялық даму стратегиясы мен бағдарламасын қарау, нарықты, бәсекелестік ортаны, озық инновациялық технологияларды, трендтер мен қолданыстағы бизнес-модельдерді бағалау
7.2.2.	Клиринг орталығы стратегиясының өзгермелі жағдайлар тұрғысынан барабарлығын бағалау және қажет болған жағдайда оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу
7.2.3.	Клиринг орталығының күшті және әлсіз жақтарын бағалау
7.2.4.	Қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштерін әзірлеуге қатысу
7.3. Стратегия жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің өзара іс-қимылы	
7.3.1.	Стратегия жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне есепті кезеңде ұсынатын ұсынымдардың уақытылығы мен сапасы (пысықталуы және құрылымдылығы)
7.3.2.	Директорлар кеңесінің алдын ала қаралуы Стратегия жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша көрсетілген Комитеттің ұсынымдарына сәйкес шешімдер қабылдауы
9. Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке бағалауы	
